

FTAMP 11.01.62

<https://doi.org/10.26577/jpcp.2022.v81.i3.09>**М.М. Ықылас*** , **Б.А. Габдулина** 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.

*e-mail: muhkit@mail.ru

ОҢТҮСТІКТЕҢ СОЛТҮСТІККЕ ҚОҢЫС АУДАРУ: ІШКІ КӨШІ-ҚОНДЫ БАСҚАРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ұлттық сарапшылардың болжамы бойынша 2050 жылға қарай еліміздегі тұрғындардың саны 24,5 миллион адамды құрайды. Қазіргі кезде ел халқының көбі оңтүстік облыстарда шоғырланғанын ескерсек, бұл үрдіс жуық арада өзгермейтіні айқын. Яғни, елімізде біраз уақыттан бері өңірлік диспропорция мен демографиялық теңгерімсіздік қалыптасқан (1-сурет). Бұған дейін аталған 2050 жылға қарай солтүстік өңірлердің халқы 0,9 млн. адамға азаяуы, ал оңтүстік өңірлердегі халықтың 5,2 млн. адамға артуы мүмкін. Оңтүстік өңірлерде халықтың орналасу тығыздығы солтүстік өңірлердің тиісті көрсеткішінен 4 есе асатын болады. Осы дисбалансты қалпына келтіру үшін мемлекеттік деңгейде арнайы бағдарламалар қабылданды. Халқы тығыз орналасқан оңтүстік аймақтардан жұмыс күші жетіспейтін солтүстік өңірлерге адамдарды қоныстандыру жұмысы басталды. Бағдарлама басталғалы солтүстікке 20 мыңдай адам ел оңтүстігінен көшіп барды. Солтүстік аймақтарға көшкендерге материалдық, қаржылай көмек ретінде көрсетілетін арнайы стимулдар бар. Бағдарлама аясында көшуге өтініш беріп, заңдық тұрғыдан жаңа жерге орналасуға еш кедергі болмаса да, бұл ішкі көші-қонның нәтижесі көңілден шықпай тұр. Демек, ішкі көші-қонды арттыруға бағытталған мемлекеттік бағдарламаның тиімді тұстарымен қатар, кемшілігі де бар. Мақалада осы ішкі көші-қонның тиімді жағы мен кем жақтарын саралап, кемшіліктерді жою жолдары қарастырылады.

Түйін сөздер: ішкі көші-қон, миграция проблемалары, «Еңбек» бағдарламасы, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, баспанамен қамту, еңбек нарығы, үгіт-насихат, психологиялық орталық.

M. Ykylas*, B. Gabdulina

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Nur-Sultan

*e-mail: muhkit@mail.ru

Migration from south to north: current issues

According to forecasts of national experts, the population of the country will amount to 24.5 million people by 2050. Considering that currently the majority of the country's population is concentrated in the southern regions, this trend is unlikely to change in the near future. That is, regional disparities and demographic imbalance have long been formed in the country (photo 1). Special programs have been adopted at the State level to restore this imbalance. Work has begun on the resettlement of people from densely populated southern regions to northern regions where there is not enough labor. Since the beginning of the program, about 20 thousand people have moved to the north from the south of the country. There are special incentives that will be provided as material, financial assistance to those who move to the northern regions. Despite the fact that the application for relocation under the program is facilitated to a minimum for a new place, the first results of this internal migration remain disappointing so far. Consequently, the state program aimed at increasing internal migration has both pros and cons. The article discusses ways to eliminate shortcomings, along with the effective sides of this internal migration and an attempt to find answers to the questions that have arisen on internal migration.

Key words: internal migration, migration problems, "Enbek" program, Ministry of Labor and Social Protection of Population of the Republic of Kazakhstan, housing provision, labor market, program promotion, psychological assistance center, provision of reliable information.

М.М. Ықылас*, Б.А. Габдулина

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Нур-Сұлтан

*e-mail: muhkit@mail.ru

Переселение с юга на север: актуальные проблемы

По прогнозам национальных экспертов, численность населения страны к 2050 году составит 24,5 миллиона человек. Если учитывать, что в настоящее время большинство населения страны сосредоточено в южных областях, эта тенденция в ближайшее время вряд ли изменится. То есть в стране уже давно сформировались региональные диспропорции и демографический дисбаланс. Для восстановления этого дисбаланса на государственном уровне были приняты спе-

циальные программы. Начата работа по расселению людей из густонаселенных южных регионов в северные, где не хватает рабочей силы. С начала программы около 20 тысяч человек переехали на север с юга страны. Есть специальные стимулы, которые будут оказываться в качестве материальной, финансовой помощи тем, кто переезжает в северные регионы. Несмотря на то, что подача заявления на переезд в рамках программы облегчена до минимума для устройства на новом месте, первые результаты этой внутренней миграции остаются пока неутешительными. Следовательно, государственная программа, направленная на повышение внутренней миграции, имеет как плюсы, так и минусы. В статье рассматриваются пути устранения недостатков наряду с эффективными сторонами этой внутренней миграции и делается попытка найти ответы на возникшие вопросы по внутренней миграции.

Ключевые слова: внутренняя миграция, проблемы миграции, программа «Еңбек», Министерство труда и социальной защиты населения РК, обеспечение жильем, рынок труда, пропаганда программы, центр психологической помощи.

Кіріспе

Қазақстан жері ұлан-ғайыр кең болғандықтан, елді мекендеріміз бір-бірінен шалғай орналасқан. Содан да болар, әр өңірдегі халықтың өсімі де, тұрғындарды жұмыспен қамту көрсеткіштері де әралуан. Мұндай теңгерімсіздік әр аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына да әсер етеді. Өйткені, әрбір азаматтың тұрақты жұмысы, басында баспанасы болса, бұл халық өсіміне оң әсер етері сөзсіз. Халық өсімінің әр аймақта әрқилы екеніне қарап, әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықтың да әр өңірде әртүрлі екенін байқауға болады. Оның үстіне жаһандану үрдісінің аясында үлкен қалаларға халықтың көптеп шоғырлануы – шалғай елді мекендердегі халық санының азаюына, тіпті кей жерлерде, әсіресе ел солтүстігіндегі шекаралық аймақтарда кейбір ауылдардың тұрғындардан босап қалу фактілері де кездеседі.

Осылайша, шекаралас аумақтардың босап қалуы және солтүстік өңірлерде халық санының, әсіресе, еңбекке қабілетті азаматтар санының қысқаруы – сол аймақтардың экономикалық өсімін қамтамасыз етуде қиындықтарға алып келеді және жалпы елдің ұлттық қауіпсіздігіне әсер етеді. Бұл туралы ҚР көші-қон саясатының 2017-2021 жылдарға арналған тұжырымдамасында нақты айтылады. Бұл құжатта орын алған және күтілетін ішкі, сыртқы сын-қатерлердің нақты болжамы айтылған.

Ішкі сын-қатерге жоғарыда айтылған еңбек жасындағы тұрғындар санының қысқаруымен қатар, ірі қалалар мен жекелеген аумақтарда халықтың тығыз орналасуы, бүгінде оңтүстік өңірлердегі туу деңгейінің жоғарылығы, халық көп қоныстанған өңірлерде жұмыс күшінің артықтығы және этникалық мигранттардың орналасуы әлеуметтік шиеленістің ошағына айналу мүмкіндігі жатқызылады.

Сыртқы сын-қатерлер ретінде білікті кадрлардың және дарынды жастардың сыртқа кету

қаупі, Орталық Азия елдерінен еңбек мигранттарының ағыны есебінен біліктілігі төмен жұмыс күшінің өсу қаупі, деструктивті элементтердің көші-қон ағынымен елге енуі айтылады. Бұндай жорамалдардың айтылуына еліміздің географиялық тұрғыдан қолайлы орналасуы, елдегі саяси және әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықтың Қазақстанды транзиттік көші-қон торабына айналдыруы себеп болды. Тұрақтылыққа сына қағылған 2022 жылғы қаңтар оқиғасы өзге салалармен қатар көші-қон тақырыбына да мұқият қарау керектігін көрсетті.

Соңғы бес жылда елімізге шамамен 6,1 млн. шетелдік азамат келген. Олардың 300 мыңдайы нақты жұмысқа келсе, 5,3 млн. шетелдік жеке шаруасымен келгендер қатарында. Қазақстан жерін сағалап келгендер саны әлі де арта түсетіні күн өткен сайын айқындала түсуде. Әлемде қалыптасып отырған халықаралық геосаяси жағдайды ескере отырып, елімізге мәжбүрлі мигрант – босқындардың да көптеп келуін жолға шығара алмаймыз. Мұндай көші-қон – жалпы елдің ұлттық қауіпсіздігіне қауіп төндіретіндей мәселе болғалы тұр. Бұған дейін босқын болып танылғандардың басым бөлігі Ауғанстан азаматтары болып келетін, енді бұл тізімдегі елдер саны әлемдегі соңғы оқиғаларға қатысты көрші мемлекеттер азаматтарымен толықпақ.

Бұл жерде ұлттық қауіпсіздікке аландауға негіз болатын нәрсе – еліміздегі көші-қон әлі стихиялы түрде қалып отыр. Өйткені, сарапшылардың пікірінше, еліміздегі заңсыз еңбек көші-қоны заңды еңбек мигранттары санынан бірнеше есе асады. Бұл – реттеуге болатын еңбек мигранттарына қатысты жағдай, ал енді бұған босқын мигранттар қосылғанда проблема сөзсіз еселенуі мүмкін. Осы жерде ұлттық қауіпсіздік мәселесі алға шығады. Бірақ, бұл бір Қазақстанның басындағы жағдай емес. Әлемнің көптеген елдері көші-қон процестерін реттеуге тырысады.

Зерттеу тақырыбы, мақсаты мен міндеттері

Зерттеу тақырыбын таңдауымызға негіз болған мәселе – халқы тығыз орналасқан еліміздің оңтүстік өңірлерінен жыл өткен сайын тұрғындарының саны азайып бара жатқан солтүстік аймақтарға адамдарды көшіру жұмысын жандандыру. Бұл бағытта мемлекет тарапынан нақты шаралар қолға алынғанымен, нәтижесі көпшілік күткендегідей емес. Биылға дейін соңғы бес жыл қатарынан «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі – «Еңбек» бағдарламасы) аясында тұрақты жұмыс іздеген оңтүстік өңірлердің тұрғындарының солтүстік облыстарға көшуі біршама қарқын алды. Осы «Еңбек» бағдарламасының тиімділігі көрініп тұрса да, оның

нәтижесі тиісті деңгейде болмады. Мақаланың да негізгі мақсаты – қабылданған мемлекеттік бағдарламаның орындалу барысына сараптама жасап, бағдарлама аясында қолға алынған жұмыстардың тиімді жағы мен кемшіліктерін салыстыра отырып зерттеу, сол арқылы қорытынды жасау. Зерттеудің негізгі әдісі – деректер арқылы салыстырмалы сараптама жасау. Бұл үшін осы тақырыппен тығыз айналысып жүрген ҚР Парламенті Сенаты және Мәжілісінің депутаттарымен, Түркістан, Солтүстік Қазақстан, Павлодар облыстарындағы көші-қонға атсалысып жүрген белсенді азаматтарымен интервью жүргізіп, ҚР Ұлттық статистика бюросының деректеріне сүйене отырып, еліміздің солтүстік аймақтарында кеңінен көрініс тапқан жаппай көшу процесін тоқтатуға, оңтүстік өңірлерден солтүстік облыстарға көшуге ниет білдіргендер санын арттыруға бағытталған жұмыстар сараланды.



1-сурет – Қазақстан Республикасы аймақтарындағы демографиялық теңгерімсіздік (халықтың облыстар бойынша орналасуындағы теңгерімсіздік)

Көші-қон саясатын қалыптастыру: қолданылған материалдар мен әдістер

Әрбір ел өзінің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіне және ұлттық ерекшеліктеріне қарай өз көші-қон саясатын қалыптастырады. Сыртқы көші-қон көбіне сырттан жұмыс күшін тарту, осы процесті реттейтін тиісті заң нормалары мен ережелерді қабылдаудан тұрса, ішкі көші-қон сұрағында әлі күнге дейін бірізділік жоқ. Түрлі себептермен (оқуға, жұмыс істеуге, жайлы мекен іздеу үшін, т.б.) шетелге кететін қандастарымызға еш тосқауыл қойылмайды, дегенмен шетелде өмір сүріп жатқан қандастарымызды елге оралту бағдарламалары бар. Тарихи отанына көшіп келу бағдарламасына сай, шетелдерден 1 миллион 100 мыңға тарта қандасымыз елге оралған. Елімізге көшіп келген қандастардың бейімделуіне, оларға жәрдемдесу және шетелдегі отандастарға ақпараттық-консультациялық қызмет көрсету мақсатында 2019 жылдан бастап «Қандастарды ақпараттық қолдау орталығы» құрылды. Орталықтың қызметі «Байланыс орталығынан» және облыстардағы «Фронт-кеңселерден» тұрады. Қандастарымыз «Отандастар қоры» бірыңғай ақпараттық орталығының 1404 телефон нөмеріне тегін қоңырау шалып, кеңес ала алады (1).

Осындай ақпараттық қолдау ішкі көші-қонды реттеу мәселесін жақсартуға да септігін тигізери анық. Жалпы, ішкі көші-қон сұрағында шешімін күткен проблемалар жыл өте айқындалып келеді. Еліміздің оңтүстік өңірлеріндегі халық саны мен солтүстік аймақтардағы тұрғындар саны арасындағы айырмашылық уақыт өткен сайын қатты біліне бастады. Сол себепті ел Үкіметі қолға алған шаралары – арнайы көші-қон бағдарламалары (ҚР көші-қон саясатының 2017-2021 ж. арналған тұжырымдамасы, т.б.) өз өкілеттігі шеңберінде жұмыс істей бастағанымен, нақты жүзеге асыру барысында түрлі кемшіліктердің бар екендігі анықталды.

Елімізде 2017 жылдан бастап, ішкі көші-қонды жандандыруға бағытталған «Нәтижелі жұмыспен қамту және кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы» жұмыс істеді. Негізгі мақсаты – жұмыс күші тапшы солтүстік аймақтарға халқы тығыз орналасқан оңтүстік өңірлерден еңбекке қабілетті азаматтарды тарту. Бағдарлама қабылданаған уақыттан бастап оңтүстік өңірлерден солтүстік облыстарға қарай көш басталды. Солтүстік облыстарға көшіп келгендер мемлекеттің қаржылай көмегін алды. Оларға баспана берілді,

жұмысқа орналастырылды (2). Мұндай стимул оңтүстік өңірлерде не баспанасы жоқ, не тұрақты жұмысы жоқ жандар үшін ат басын солтүстікке жаппай бұруға ықпал етуі тиіс еді. Бірақ көші-қон жұмысы бір жүйеге қойылмағандықтан, көшіп келушілер арасында ренжіген, бағдарламаға көңілі толмайтындардың пайда болуына әкелді. Оған себеп – бір мекеме халықты көшіруге, келесі бір мекеме үймен қамтамасыз етуге жауапты болып, көшіп келгендерді сергелденге түсірген. «Көш жүре түзеледі» деген. Бас кезінде көшіп барушылардың осындай олқылықтарға тап болуына – ақпараттандыру ісінің жолға қойылмағаны себеп болған. Көші-қонға қатысты осы және өзге де сұрақтарды Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Түркістан облыстарында халықтың көшуі мен жаңа жерге қоныстануына атсалысып жүрген жауапты адамдарға қойып, интервью жаздық.

Нәтижелері және талқылама Интервью барысында айтылған кемшіліктер мен оларды жою жолдары

Интервью жазу барысында анықталған деректерді келтірсек. Түркістан облысынан мыңдаған азаматтың солтүстікке көшуіне ықпал етіп жүрген жандардың бірі – «Аманат» партиясының облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Бейсен Тәжібаевтың айтуынша, бұл бағдарлама басталғанда, бұдан барлығы хабарсыз болды. Еңбек бағдарламасымен қалай көшуге болады, жолы қандай десе, онымен айналысатын халықты жұмыспен қамту орталықтары бұл сұрақтарға жауапты өздері білмеді. Өйткені олар өздері солтүстікке барып көрмеген. Адамның бір облыстан бір облысқа көшуі оңай шаруа емес. Сол үшін адамдарды көшуге сендіретін орталықтар жұмыс істеуі керек. Бұл ұлттық жобаға тек бір министрлік емес, бірнеше министрлік араласуы керек. Мектеп мәселесімен білім министрлігі, адамдардың денсаулығымен денсаулық министрлігі, кәсіп ашуда ауылшаруашылығы министрлігінің қатысы болуы керек. Ал іс жүзінде бұл бағдарламамен тек Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі ғана айналысатын етіп қойған. Бұл дұрыс емес».

Содан болар, 2017 жылы Түркістан облысынан солтүстік облыстарға 173 отбасы ғана қоныс аударған. 2018 жылдан бастап, бағдарламаға қатысушылар саны арта бастаған. 2018 жылы солтүстік облыстарға көш басын бұрған түркістандық отбасы саны 455 болса, 2019 жылы

бұл сан 560-қа жетті, 2021 жылы 800 отбасы (3611 адам) солтүстікті жаңа қонысы ретінде таңдады. Бұл – халықтың көші-қонға деген ынтасы жоғары екенін көрсетеді.

Жаңа жерде былтыр қоныс тойын тойлаған жоғарыда айтылған 800 отбасының (3611 адам)

550-і (2700 адам) Павлодар облысына көшіп барған. 2-ші орында Солтүстік Қазақстан облысы тұр, ол жаққа 159 отбасы көшкен – 669 адам. 55 отбасы (161 адам) Қостанай облысын таңдапты. Шығыс Қазақстан облысына 36 отбасы (81 адам) қоныстанған (3).

		БАҚ, Теле дидар	Интер нет, әлеумет тік желі	Ресми сайт, АҚДМ әлеумет тік желі	Туған- туыс- тан	Дос Тарынан және таным тарынан	Қоныс аударған туыста рынан және достарынан	Жұмыспен қамту орталығы	"Серпін" Бағдар ламасы бойынша жұмыс жасау
Солтүстік Қазақстан	Саны	9	18	5	15	18	3	2	0
	%	12,9%	25,7%	7,1%	21,4%	25,7%	4,3%	2,9%	0,0%
Шығыс Қазақстан	Саны	0	0	0	0	0	0	6	2
	%	0,0%	0,0%	0,0%	0,0%	0,0%	0,0%	75,0%	25,0%
Қостанай облысы	Саны	4	3	1	6	7	0	1	2
	%	16,7%	12,5%	4,2%	25,0%	29,2%	0,0%	4,2%	8,3%
Павлодар облысы	Саны	3	2	3	3	5	3	9	0
	%	10,7%	7,1%	10,7%	10,7%	17,9%	10,7%	32,1%	0,0%
БАРЛЫҚ ОБЛЫ- СТАР	Саны	16	23	9	24	30	6	18	4
	%	12,3%	17,7%	6,9%	18,5%	23,1%	4,6%	13,8%	3,1%

2-сурет – Аймақтар бойынша Бағдарлама туралы ақпарат көздері

Мемлекет бекіткен бағдарлама бір болғанмен оның орындалуы әр облыста әртүрлі. Жоғарыда әр облысқа қанша отбасы, қанша адамның көшіп барған дерегін көрсеттік. Бір облысқа (Павлодар облысы) көп, бір облысқа аз отбасы көшіп барғанына да себептер бар.

Түркістан облысы бойынша көшіқон процестеріне мониторинг жүргізіп отырған «Аманат» партиясының облыстық филиалының дерегінше, көші-қонға қатысты насихат жұмыстарын жүргізетін солтүстік облыстардағы әкімдіктердің жұмысы әртүрлі. Көші-қонды ұйымдастыруда Солтүстік Қазақстан облысы мен Павлодар облыстарында жұмыс біршама жақсы жолға қойылған. Олардың әкімдері (облыс, аудан), жергілікті халықты жұмыспен қамту басқармалары оңтүстік өңірлерге жиі-жиі іссапар ұйымдастырып, оңтүстік облыстар халқымен кездесулер өткізуді жолға қойған. Павлодар қаласы мен облысы бойынша Халықты жұмыспен қамту орталығының бөлім басшысы Еркін Жұмашевтың айтуынша, Павлодар облысында жыл сайын оңтүстік облыстарға баратын үгіт-насихат топтары жасақталады. Олар барған

жерінде халықпен кездесу ұйымдастырып, оларға Павлодар облысында қандай бос жұмыс орындары бар, қай қалаға немесе ауылды жерге орналасуға болатынын түсіндіреді.

Бірақ мұндай насихат топтары жылына бір-екі рет оңтүстік облыстарға шығып, бір апта әрі кетсе он күн ғана кездесу ұйымдастыра алады. Халықты көші-қон тиімділігіне ақпараттандыру үшін бұл өте аз. Осы кемшілікті саралаған павлодарлық шенеуніктер биыл да осындай үгіт-насихат топтарын құрып, оңтүстік облыстардағы халықпен кездесу тәртібін өзгертпек. Павлодар облысында 10 аудан, 3 қалалық жер бар. Әр аудан мен әр қала биыл бір-бір үгіт-насихат тобын құрып отыр. Әр топ оңтүстікте 10 күннен насихат жүргізеді, он күннен кейін оны келесі топ алмастырады, сөйтіп құрылған 13 топ жыл аяғына дейін тұрақты түрде көші-қон насихатымен айналыспақ. Бұл өте оң тәжірибе деп есептеймін. Осындай жүйелі жұмыс арқасында былтыр Павлодар облысына көшіп келген азаматтардың барлығы мамандықтары бойынша жұмысқа орналастырылған. Биылға Павлодар облысы көшіп келушілерге 2000-дай бос жұмыс орындары ұсынылады (4).

Аймақ	Білім, ғылым	Медицина, фармацевтика	Ауыл шаруашылық
	Ірі қалалар		
Нұр-Сұлтан	189	329	22
	Қабылдау аймақтары		
Солтүстік Қазақстан	66	98	38
Шығыс Қазақстан	183	248	61
Қостанай	90	295	57
Ақмола	96	155	66
Павлодар	64	64	62
Қарағанды	66	204	186
Барлығы	565	1 064	470
	Кету аймақтары		
Алматы	527	101	10
Маңғыстау	80	70	9
Қызылорда	41	42	10
Жамбыл	107	66	27
Түркістан	509	272	174
Барлығы	1 264	551	230

3-сурет – «Еңбек» электронды еңбек нарығындағы келу және кету аймақтарында тіркелген салалар бойынша бос жұмыс орындары

Солтүстік Қазақстан облысында да көші-қонға қатысты жұмыстар біраз жүйеленген. Бұл жақта көшіп келуге үгіттейтін еріктілер біршама белсенді. Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысы М. Жұмабаев ауданы әкімінің көші-қон бойынша арнайы өкілі Нұржамал Тамбетова көші-қон мәселесімен ерікті түрде айналысады. Өзі де отбасымен бірге Солтүстік Қазақстан облысына осыдан 7 жыл бұрын қоныс аударған.

«Бұл жұмыстың кемшілігі көп болды басында. Содан соң көші-қон бағдарламасына жауапты Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне түрлі ұсыныстарымызды айттық, ұсыныстарымыз қабылданды, біраз нәрсе өзгертілді. Қазір көшіп келушілердің қатары да өте көбейді. Қуантатыны – көшіп келген жастардың саны артып отыр. 4-6 баласы бар жастар былтыр өте көп көшіп келді. Солардың арқасында жабылу алдында тұрған мектептерді құтқарып қалдық. Жалпы, әрқайсысында бес баласы бар 10 мұғалімді көшірсек, 50 баламен-ақ жабылғалы тұрған мектепті сақтап қаламыз. Ондай мысалдар да бар. Мысалы Сұлушоқы деген ауылда бала саны көшіп келушілер есебінен 9 баладан қазір 86-ға жетті. Жергілікті кәсіпкер өзі үйлер салып, талай отбасын көшіріп алып келді. Октябрь деген елдімекенде де көшіп келушілер есебінен бала

саны артты. Қазақ сыныптарын аштық. Көшіп келем деушілердің ынтасы жоғары. Жергілікті әкімдіктердің кертартпалықтары да кездеседі, оңтүстікте де, солтүстікте де. Ұсыныс ретінде айтайын, солтүстік облыстардан үгіт-насихат жасап арнайы топтар оңтүстік облыстарға барып жатады. Сол сияқты оңтүстік облыстардан да бізге келсін жергілікті әкімдіктерінің өкілдері, көрсін, таныссын. Тіпті көшіп келушілермен бірге келіп бірнеше күн аралап, солтүстік аймақтардың өмірімен таныссын. Міне сол кезде үгіт-насихатты дұрыс жасайды. Өйткені бізде ақсап тұрған нәрсе – үгіт-насихатты дұрыс жасамаймыз. Біз бірден үгіт-насихатты ақшадан бастаймыз, «көшіп барсаңыз пәлен ақша беріледі сізге» деп. Содан соң көшіп келетін адам қанша алатынын ғана ойлайды. Ал оған дейін кездесетін қиындықтарды ойламайды. Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысындағы көп ауылдарда жол жоқ, су жоқ, мектептердің өзіне су кіргізілмеген. Сол үшін бірінші кезекте халықпен дұрыс жұмыс жасайтын, оларды психологиялық тұрғыдан дайындайтын, бағдарламаның мәнін терең түсіндіретін бір орталықтар ашу керек. Осылардың барлығын дұрыс айтатын мамандарды даярлау керек» – дейді Нұржамал Тамбетова.

Мемлекеттік бағдарлама әр облыста әртүрлі орындалады

Солтүстік Қазақстан және Павлодар облыстарындағы осындай белсенділік Қостанай мен Шығыс Қазақстан облыстарына жетпей отыр. Көші-қонға қатысты Түркістан облысындағы үгіт-насихатқа жауаптылар да әр облыста бұл бағдарламаға көзқарас әртүрлі екенін айтуда: «Қостанай облысы мен Шығыс Қазақстан облысы мүлдем насихаттық жұмыспен айналыспайды. Мемлекет бір, бағдарлама бір болса да әр облыс әртүрлі жұмыс істейді. Біз Түркістаннан жыл сайын облысымыздағы белсенді азаматтарды аталған 4 облысқа (СҚО, Павлодар облысы, Қостанай облысы, ШҚО) 10 күндік іссапарға жібереміз. Сол кезде білінеді, Павлодар мен Солтүстік Қазақстан облыстарында кездесулер белсенді ұйымдастырылады, өзге екі облыста белсенділік төмен. Әкімдер рейтингісінің индикаторын осы көші-қон процесінің үгіт-насихатын жүргізуі арқылы белгілесе, біраз нәрсе айқындалар еді».

Мысалы, Түркістан облысында 2 млн 100 мың халық бар. Олардың ішінде пәтер кезегінде тұрғандар саны 45 мыңнан асады, үй саламын деп жер сұраған азаматтардың саны 130 мыңнан асады. Үй мен жер жетіспеушілігі бар оңтүстікте. Сондықтан солтүстік облыстарға көшу туралы ұсыныстар дұрыс жолға қойылса, көшетін азаматтар саны да өсетіні анық.

Тұжырымдама

Қорыта айтсақ, көші-қон сұрағы кешенділікті талап етеді. 2017 жылдан бастап, ішкі көші-қонды жандандыруға бағытталған «Нәтижелі жұмыспен қамту және кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы» 2021 жылы аяқталды (5). Ішкі көші-қон осы бағдарламаның бір тармағы ғана. Бағдарламаның 2017-2021 жылдар аралығындағы қорытындысына арнайы талдау да жасалды. Бұл талдау Халықаралық көші-қон ұйымы Даму қорының қолдауымен жүзеге асты. Бұл сараптамалық талдауда жұмысқа қабілетті халық саны азайған солтүстік өңірлердің тұрғындарын халқы тығыз орналасқан оңтүстік аймақтардан

еріктілерді көшіру арқылы көбейту жолдарына қатысты жұмыстардың барысы айқындалды, бұл бағдарламаның тиімді жағы мен кемшіліктері салыстырылды, кемшіліктерін жою жолдары қарастырылды. Бұл арнайы сараптама туралы келесі мақаламызда жан-жақты жазатын боламыз. Өйткені, талдау нәтижесіне сәйкес, бірқатар нақты ұсыныстар айтылды. Ол ұсыныстардың өзін жеке-жеке талдап, сараптау қажет.

Қорытынды

Бүгінде ҚР еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі – көші-қон саласында мемлекеттік органдардың жұмысын үйлестіруші орталық орган. Көші-қон мәселелерімен аталған министрліктің Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің екі департаменті айналысады: Еңбек көші-қонын реттеу департаменті және Көші-қон процестерін бақылау басқармасы. Облыс әкімдіктерінде көші-қон сұрағы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының құзырында. Яғни, барлық мемлекеттік мекемеде көші-қон мәселелері сол орган айналысатын көп сұрақтың бірі ретінде ғана айқындалған. Сондықтан жұмысқа қабілетті тұрғын саны азайған солтүстік өңірлерге халқы тығыз орналасқан оңтүстік аймақтардан адамдарды көшіру бағытында жұмыс атқарып, көші-қон процесіне тікелей араласып жүрген ерікті азаматтарға мемлекеттік тұрғыда көмектесу қажет. Сол кезде көші-қонға жауапты мекеме, бөлім, орталықтар арқылы ақпараттық компанияның қалай жүріп жатқандығын саралап, бағдарламаның мәнін терең түсіндіретін орталықтардың жұмысын, көші-қонға бөлінген қаржының тиімді пайдалануын қадағалау мен зерделеу аталған еріктілердің көмегімен жолға қойылар еді.

Жоғарыда аталған проблемалар көші-қонның мемлекеттік реттелуін одан әрі жетілдіруді қажет етеді. Жыл өткен сайын ел ішіндегі халықтың көшіп-қону белсенділігі қарқын алып келеді.

2022 жылғы Ұлттық статистика бюросының соңғы дерегінше, Қазақстандағы тұрғындар саны 19 миллион 200 мың адамға жуықтаған (01.04.2022 ж. – 19 178 800 тұрғын) (6).



Қазақстандағы халық санының дерегін, ондағы қала мен ауыл тұрғындарының санын көрсету арқылы халықтың көшіп кету мәселесіне тоқталсақ. Тұрғындардың өзге аймаққа көшу туралы шешім қабылдауына экономикалық фактор әсер етеді. Адамдар көшкенде жоғары жалақылы жұмыс пен жайлы өмір сүру жағдайын іздейді. Мемлекет арнайы бағдарлама арқылы халқы тығыз орналасқан оңтүстік өңірлерден жұмыс күші азайған солтүстікке көш басын түбегейлі бұруға бар жағдайды жасап-ақ жатыр. Статистикаға қарасақ, оңтүстік өңірлерден көшкендер саны жыл сайын артып отыр. Бірақ көш бағыты негізінен солтүстік өңірлер емес, оңтүстік халқы көбінесе Нұр-Сұлтан және Алматы қалалары, Алматы облысы, Маңғыстау мен Қарағанды облыстарына көшеді екен. Оның ішінде ауылды жерлерден қалаларға қоныстану басым болып тұр. Қалаларға бұлай стихиялы түрде көшудің жұмыссыздықты өршіту, қала маңының жүйесіз өсуі, баспана проблемасы, әлеуметтік жағдайдың ушығуы сияқты жағымсыз әсері көп. Осындай алғышарттар өткен қаңтар оқиғасының да орын алуына жанама себеп болды деп айтуға болар.

Енді қазіргі қалыптасқан геосаяси жағдайды ескере отыра, одан туындайтын ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тетігі ретінде, шекаралық аймақтардың біржолата босап қалмауының алдын алу мақсатында, ішкі көші-қонды тоқтатпай жандандыру үшін мақала қорытындысы ретінде айтатын ұсыныстар мынадай:

– алдымен, ішкі көші-қон қажеттілігінің насихатталуы дұрыс жолға қойылуы тиіс, ол үшін орталық және жергілікті мемлекеттік

атқарушы органдар тарапынан арнайы жоспарлы жұмыс жасалуы керек;

– елімізде ерікті қоныс аударуға және жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыруға бағытталған бөлек мемлекеттік орган қажет. Бастапқы кезде ҚР еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі құрылымынан қоныс аудару бағдарламасын бақылау және зерттеу бойынша бөлек департамент етіп құрса да болады;

– бұған қоса жергілікті жерлерде әкімге тікелей бағынатын, көші-қонмен арнайы айналысатын бөлімдерді ашу жолдары қарастырылуы керек;

– және бірінші кезекте халықпен дұрыс жұмыс жасайтын, оларды психологиялық тұрғыдан қоныс аударуға дайындайтын, бағдарламаның мәнін терең түсіндіретін орталықтар ашу керек. Бұл жерде еріктілердің де көмегін пайдалану қажет.

Бұл ұсыныстарды жүзеге асырудағы басты мақсат – еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге септігін тигізетін ұлы көшті тоқтатпау, көші-қон барысын барынша жүйелеу. Өйткені, нашар басқарылатын көші-қон процестері стихиялы ішкі көші-қон ағынының артуына, халық санының кемуіне байланысты ауылдардың бос қалып, еліміздің жекелеген шекаралас аймақтарында қиын ахуалдың қалыптасуына алып келеді. Мақала барысында аталған осындай сыртқы және ішкі сын-қатерлер бізге көші-қон саясатының жүйелілігін қалыптастырып, адами капиталды дамытуға бағыттайтын, ұлттық қауіпсіздігімізді қамтамасыз етуге қажетті ұзақ мерзімді жобаларды қолға алу керектігін анық ұқтырып отыр.

Әдебиеттер

- Раманқұлова Г. Тәуелсіздік 30: 30 жылда қанша қандас елге оралды? // 12.06.2021. – URL: https://baq.kz/tauelsizdik30-30-zhylda-kansha-kandas-elge-oraldy_255902/
- ҚР Үкіметінің 29.09.2017 ж. №602 қаулысы // ҚР көші-қон саясатының 2017-2021 жылдарға арналған тұжырымдамасын және ҚР көші-қон саясатының 2017-2021 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы // [Электрон.ресурс]. – 2020. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000602>
- ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы // 2021. – URL: <https://stat.gov.kz/search>
- Тлеуова Р. Көбі 15-34 жас аралығында. Сенатор шетелге көшіп жатқандар саны артқанын айтты // Tengrinews интернет порталы [Электрон.ресурс]. – 2020. – URL: https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/kob-15-34-jas-aralygynda-senator-shetelge-koshp-jatkandar-421969/
- Кучмаева О. Демография и человеческий капитал: демографические дивиденды // Сборник научно-практического семинара. 2021. 14-18.
- Электрондық еңбек биржасы // Барлық облыстар // 2022. – URL: <https://www.enbek.kz/kk/search/vac?prof=%D0%BF%D0%B0%D0%B2%D0%BB%D0%BE%D0%B4%D0%B0%D1%80>
- ҚР Үкіметінің 13.11.2018 ж. №746 қаулысы // Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000746#z802>
- Тұмар А. СҚО әкімі қатаң сөгіс алды [Электрон.ресурс]. – 2020. – URL: <https://turkystan.kz/article/126871-126871/>
- 2022 жылғы қаңтар-наурыздағы демографиялық ахуал туралы // 16.05.2022. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/stat/press/news/details/372063?lang=kk>
- Институт демографических исследований ФНИСЦ РАН «Демографическое развитие стран СНГ» сборник, 39-40, май, 2021. Садвокасова А., Баглай Б., Жампеисов Д., Турсымбаева Г., Жасымбекова С. (2021). «Оңтүстіктен солтүстікке қоныс аудару бағдарламасын бағалау». Халықаралық көші-қон ұйымының есебі, 10-13.
- Ұлттық статистика бюросының дерегі, 2022. Қаңтар-маусым. Негізгі бет.
- Тамбетова Н., «Солтүстікте қара орман Қазақстанның, онда байимын деп емес, елімді көгертемін деп бар» // «Оңтүстік Қазақстан» газеті. 23.07.2018. 3-4.
- Институт демографических исследований ФНИСЦ РАН «Миграция и развитие». Сборник курса 6. апрель, 2021.
- Шыңғысхан Ж. «Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына 116 отбасы қосылды» // «Qazaq» газеті, 2020. 2-3.

References

- Ramankulova G. Täuelsizdik 30: 30 jylda qanşa qandas elge oraldy? [Independence 30: How many countries have returned in 30 years?] // 12.06.2021. – URL: https://baq.kz/tauelsizdik30-30-zhylda-kansha-kandas-elge-oraldy_255902/
- QR Ükimetiniñ 29.09.2017 j. №602 qaulysy // QR köşi-qon saiasatynyñ 2017-2021 jylдарға арналған tÿjyrymdamasyn және QR köşi-qon saiasatynyñ 2017-2021 jylдарға арналған tÿjyrymdamasyn iske asyru jöñindegi is-şaralar josparyn bekitu turaly [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated 29.09.2017 No. 602 // On approval of the Concept of Migration Policy of the Republic of Kazakhstan for 2017-2021 and the action plan for the implementation of the Concept of Migration Policy of the Republic of Kazakhstan for 2017-2021] // [Electron.resource]. – 2020. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000602>
- QR Strategialyq josparlau және reformalar agenttiğı Ұltyq statistika bürosy [National Bureau of Statistics of the Agency of the Republic of Kazakhstan for Strategic Planning and Reforms] // 2021. – URL: <https://stat.gov.kz/search>
- Tleuova R. V. Köbi 15-34 jas aralygynda. Senator şetelge köşip jatqandar sany artqanyñ aitty [age 15-34 years. The senator reported an increase in the number of people moving abroad] // Internet portal Tengrinews [electronic.resource]. – 2020. – URL: https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/kob-15-34-jas-aralygynda-senator-shetelge-koshp-jatkandar-421969/
- Kuchmaeva O., Demografia i chelovecheski kapital: demograficheskie dividendy», Sbornik nauchno-prakticheskogo seminar [“Demography and human capital: demographic dividends”, collection of scientific and practical seminars], 2021. 14-18.
- Elektrondyq eñbek birjasy // Barlyq oblystar [electronic labor exchange // all industries] // 2022. - URL: <https://www.enbek.kz/kk/search/vac?prof=%D0%BF%D0%B0%D0%B2%D0%BB%D0%BE%D0%B4%D0%B0%D1%80>
- QR Ükimetiniñ 13.11.2018 j. №746 qaulysy // Nätiжелі jÿmyspen qamtudy және jappai käsipkerlikti damytudyñ 2017 – 2021 jylдарға арналған “Eñbek” мемлекеттік бағдарламасын bekitu turaly [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated 13.11.2018 No. 746 // “On approval of the state program for the development of productive employment and mass entrepreneurship for 2017-2021 “Eñbek”] [Electron.resource]. – 2022. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000746#z802>
- Tÿmar A. SQO äkimi qatañ sögis aldy [Akim of the North Kazakhstan region A. Amulet received a severe reprimand.resource]. – 2020. – URL: <https://turkystan.kz/article/126871-126871/>
- about the demographic situation in January-March 2022 // 05/16/2022. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/stat/press/news/details/372063?lang=kk>
- Институт демографических исследований ФНИСЦ РАН «Демографическое развитие стран СНГ» сборник [Institute of Demographic Research of FNISSO RAS collection “demographic development of the CIS countries”], 39-40, May, 2021.
- Sadvakasova A., Baglay B., Zhampeisov D., Tursynbaeva G., Zhasymbekova S. 2021. «Oñtÿstikten soltÿstikke qоныs audaru baғdarlamасыn baғalau». Halyqalaryq köşi-qon üymynyñ esebı, [“Assessment of the resettlement program from the south to the north”. Accounting for the organization of international migration] 10-13. Ұltyq statistika bürosynyñ deregi, 2022. Qañtar-mausym. Negizgi bet.
- N. Tambetova, Soltÿstikte qara orman Qazaqstanyñ, onda baiimyn dep emes, elimdi kögertemin dep bar» [“in the north there is the Black Forest, where bayumyn, not bayumyn.”] “Ontustik Kazakhstan”. 23.07.2018. 3-4.
- Institute of Demographic Research of FNISSO RAS “migration and development”. Collection of courses 6. 04, 2021.
- Genghis Khan Zh., «Qandastardy qabyldaudyñ öñirlik kvotasyna 116 otbasy qosyldy» [“116 families are included in the regional quota for the admission of compatriots.”] “Qazaq”, 2020. 2-3.